

Асыл Абилов Т.С.
09.06.2025ж.

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері
бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Ақтөбе қ.

2025 жыл 9 маусым

Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректоры Т.С.Абиловтың 2025 жылғы 02 сәуірдегі №13/2-16-234-н/к бұйрығының негізінде «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-да (бұдан әрі – М.Оспанов атындағы БҚМУ немесе Қоғам) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді, сондай-ақ келесі құрамда жұмыс тобы құрылды:

- | | | |
|---|----------------------------------|--|
| 1 | Сугралин Радик Еленович | Қоғамның комплаенс-офицері,
Жұмыс тобының жетекшісі; |
| 2 | Қожахметов Бахытжан Казбекович | Заң бөлімінің жетекшісі; |
| 3 | Рпашева Гульнара Танербергеновна | Адами ресурстарды басқару
департаментінің жетекшісі; |
| 4 | Қужаниязова Гульмира Бақкалиевна | Экономика және қаржы
департаментінің жетекшісі; |
| 5 | Гордышева Ирина Васильевна | МО басшысының емдеу
мәселелері жөніндегі
орынбасары; |
| 6 | Тулқибәева Бакытжан Мажитовна | ОМК бас дәрігері; |
| 7 | Бисекова Гулнур Дүйсенбековна | Әлеуметтік-психологиялық
қолдау бөлімінің жетекшісі; |
| 8 | Қолдасбаева Багиля Джумабаевна | Дене тәрбиесі кафедрасының
жетекшісі; |
| 9 | Көмекбай Жанат Ескаркызы | Гистология кафедрасының
жетекшісі. |

Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2025 жылғы 11 сәуірден 2025 жылғы 27 мамырға дейін.

Талданатын кезең: 2024 жылғы 1 наурыздан 2025 жылғы 31 наурызға дейін.

1.1. Білім беру қызметінде.

Салалық құқықтық база:

Қоғам қызметінің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау жолымен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау

жүйесін дамытуға жәрдемдесу болып табылады. ХС ИСО 9001:2015 талаптарына сәйкестігі бойынша сапа менеджменті жүйесінің қайта сертификаттау аудитін жүргізу, АРТА ССК ұсынымдарын іске асыру бойынша білім беру бағдарламалары мониторингінің және іс-шаралар жоспарының аккредиттеуден кейінгі аудитін жүргізу, білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеуден өтуі.

Университет қойылған мақсаттар мен міндеттерді уәкілетті органдардың НҚА, академиялық саясат және ішкі нормативтік құжаттар негізінде іске асырады:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы; «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығы; «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы; «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы; «2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 2 шілдедегі № 316 бұйрығы; «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығы.

Нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу арқылы тәуекелдер белгіленбеген.

1.2 Университет кафедраларының қызметіндегі тәуекелдерді талдау мыналарды көрсетеді:

Әлеуметтік-психологиялық қолдау бөлімі.

Қазіргі уақытта әлеуметтік-психологиялық қолдау бөлімінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Атаулы шәкіртақы тағайындау, жатақханадан тегін орын беру, демеуші ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау сияқты барлық процестер белгіленген нормативтерге қатаң сәйкес және оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректордың тікелей бақылауымен жүзеге асырылады.

Кандидаттарды іріктеу ашық және объективті түрде өтеді, шешімдер мүдделер қақтығысын, тамыр-таныстықты немесе субъективті көзқарасты көрсету мүмкіндігін болдырмайтын нақты критерийлер негізінде алқалы түрде қабылданады. Комиссия мүшелері әдеп нормаларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауға міндетті.

Университетте ішкі бақылау мен мониторингтің тиімді жүйесі жұмыс істейді, ол теріс пайдалану тәуекелдерін азайтады және парасаттылық, теңдік және әділдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, қазіргі уақытта әлеуметтік-психологиялық қолдау бөлімінің жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі ең төмен деп бағаланады.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша **гистология және дене тәрбиесі кафедрасының** қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.1 Клиниканың қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын өз қызметін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтарына, Жарғыға, сондай-ақ кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Талдау барысында Басқарма төрағасы – Ректор бекіткен «Медицина орталығы туралы» және «Отбасылық медицина клиникасы туралы» ережелер және клиникалар мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін басқа да ішкі нормативтік құжаттар зерделенді. Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер анықталған жоқ.

2.2 Медицина орталығында мемлекеттік қызметтер көрсету.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 1:

Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірмені уақтылы бермеу;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 2:

Сыйақы үшін заңсыз анықтамалар жазып беру.

Ұсыныстар:

1. Пациентті стационардан шығару процесін реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеу;
2. Құжаттар көшірмесі кабинетінің жұмыс регламентіне аудит жүргізу;

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік, Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде бұзушылықтарға жол бермеу туралы әдеп бойынша медицина персоналы үшін семинар сабақтары мен тренингтер өткізу.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері.

Азаматтардың шағымдары мен өтініштеріне "сенім" телефоны, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініштер жәшігі бойынша тұрақты негізде талдау жүргізіледі.

Бас дәрігердің орынбасары және бөлімше меңгерушілері, пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметі (бұдан әрі – ПҚБ және СС) мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін сақтауды, сондай-ақ оларды көрсету сапасын тиісінше қамтамасыз етеді, жұмыс тобы тарапынан стандарттарда және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерінде көрсетілмеген қосымша құжаттарға қойылатын талаптар белгіленбеген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 1:

Өтінішке жауап беру мерзімдерін бұзу;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 2:

Негізделген өтінішпен басқарушылық шешімдердің болмауы.

Ұсыныстар:

1. Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерінің мониторингі;
2. Азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтердің болуына сауалнама жүргізу.

Сараптамалық қызмет

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 1:

Рұқсат беру құжаттарын: еңбекке жарамсыздық парақтарын, дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындыларын, медициналық анықтамаларды негізсіз ресімдеу.

Ұсыныстар:

1. Еңбекке жарамсыздық парақтарын, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтамаларды берудің негізділігі, ДКК жүргізуге жауапты медициналық персоналдың жұмысына мониторинг жүргізу.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына жол бермеу бойынша оқыту жүргізу.

Ақылы медициналық қызмет көрсету.

Ақылы медициналық қызметтер бекітілген ішкі құжаттарға: М.Оспанов атындағы БҚМУ КеАҚ-да ақылы қызметтер көрсету туралы ереже және «М.Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ Басқармасының шешімімен бекітілген ақылы қызметтер көрсету бағаларының прејскурантына сәйкес көрсетіледі. Ақпарат Қоғамның сайтында Прејскурант бөлімінде орналастырылған.

Стационарлық пациенттер бұйрықпен белгіленген ақылы төсектерде ақылы медициналық қызметтерді алады. Диагностикалық зерттеулер жүргізу кезінде мүмкіндігінше пациенттер ағынын уақыт бойынша бөлу жүргізіледі.

«Медицина орталығында сауалнама жүргізу туралы» Ереженің ішкі құжатына сәйкес Медицина орталығында медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасы туралы пациенттердің пікірін зерделеу үшін пациенттерге сауалнама жүргізіледі. Пациенттерге сауалнама нәтижелерін тоқсан сайын талдау университет басқармасының отырысында баяндалады. Сауалнама нәтижелері Қоғамның сайтында Орталық туралы – пациенттерді қолдау және ішкі бақылау қызметі бөлімінде орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 1:

Медициналық қызметтерге кассаларды айналып өтіп, медициналық қызметкерлерге тікелей ақы төлеу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 2:

Пациенттер ағынын араластыру, ақылы негізде тексерілетін пациенттерге артықшылық беру.

Ұсыныстар:

1. Ақылы қызмет көрсететін қызметтердің жұмысына мониторинг жүргізу;
2. Қызметкерлермен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзуға жол бермеуге жауапты тұлғалармен түсіндіру жұмыстары.

Азаматтарды тегін дәрілік заттармен қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 1:

Азаматтарды дәрілік заттармен уақтылы қамтамасыз етпеу.

Ұсыныстар:

Қажеттіліктің толық қанағаттандырылуы, диспансерлік топтағы пациенттерді дәрілік заттармен уақтылы қамтамасыз етілуі тұрғысынан КДБ/диспансерлік бөлімше мониторингі.

3.1 Еңбек заңнамасы, кадр саясаты.

Салалық құқықтық база:

Бос лауазымдарға орналасуға іріктеу және тағайындау жүргізу.

Университетте Университеттің кадр саясаты туралы ережемен регламенттелген кадрлық автономия қалыптастырылды, оның негізінде мынадай жалдау рәсімдері (жаңа қызметкерлерді іздеу, іріктеу және қабылдау, бос лауазымдарға іріктеу және тағайындау), академиялық, әкімшілік және өзге

де персоналды жұмыстан шығару және ілгерілету, оларға қойылатын біліктілік талаптарын белгілеу, барлық персоналдың лауазымдық нұсқаулықтары мен өкілеттіктерін айқындау пысықталды.

Қоғамның кадр саясаты мынадай базалық қағидаттарға негізделеді: Қазақстан Республикасының заңнамасын мүлтіксіз сақтау, стратегиялық бағыттылық, кешенділік, жүйелілік, дәйектілік, ашықтық, меритократия, объективтілік, Университеттің табыстары мен жетістіктеріне персоналдың қатысуы, барлық деңгейдегі жұмыстың нәтижелілігі, өз міндеттерін орындау үшін жауапкершілік, білімнің, тәжірибенің және дәстүрлердің сабақтастығы, экономикалық негізділік, кәсіби және мансаптық өсу үшін мүмкіндіктердің теңдігі, кадрларды даярлау процесінің үздіксіздігі мен жүйелілігі және кадр резерві.

Жаңадан қабылданған қызметкерлер қолданыстағы заңнамаға сәйкес кадр қызметінің қызметкерлерімен құжаттарды міндетті тексеруден өтеді. Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері жоқ.

Қызметкерлерді жалдау кезінде Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптары сақталады бос лауазымға қабылданған қызметкерлерге сынақ мерзімі белгіленеді. Бос лауазымға қабылдау туралы түпкілікті шешім сынақ мерзімінің нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Қоғамда жұмысқа қабылдаудың мынадай нысандары жүзеге асырылады:

а) кейіннен еңбек шартын жасасумен конкурстық рәсім бойынша;

б) еңбек шарты бойынша.

Қоғам қызметкерлерін жалдау және ілгерілету рәсімінің ашықтығы мақсатында Адами ресурстарды басқару департаменті бірқатар іс-шаралар өткізді.

1) ішкі нормативтік құқықтық құжаттар әзірленді және Қоғамның корпоративтік сайтында орналастырылды:

- Қоғамның кадр саясаты туралы ереже;

- Қоғамның кәсіби-оқытушылық құрамының, ғылыми қызметкерлерінің және оларға теңестірілген тұлғалардың бос лауазымдарын конкурстық негізде толықтыру туралы ереже;

- Медициналық клиникалар/орталықтар, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық негізде орналасу туралы қағидалар;

- Қоғамның проректорының бос лауазымына үміткерлерді іріктеуді өткізу қағидалары;

- Қоғамның педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары.

2) Қоғамның конкурстық комиссиясының құрамы туралы және Қоғамның корпоративтік сайтында бұйрық шығарылды.

Өз қызметінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету мақсатында Қоғамда өзінің <https://zkmu.edu.kz/ru/> корпоративтік сайты жұмыс істейді,

онда «Бос жұмыс орындары» бөлімі бар. Осы сайтта Қоғамның бос лауазымдары болған кезде ашық Бос орындар туралы хабарландырулар орналастырылады, сондай-ақ осы ақпарат электрондық еңбек биржасының ресми сайтында <https://www.enbek.kz> орналастырылады.

Ашық бос жұмыс орындары және конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды: құрылымдық бөлімшенің бос лауазымының атауы; орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны көрсетілген ұйымның атауы; құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күні; лауазымдық жалақының мөлшері; бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарымен айқындалатын конкурсқа қатысушыға қойылатын біліктілік талаптары. Бос жұмыс орны, біліктілік талаптары және қажетті құжаттар тізбесі туралы хабарландырулар уақтылы орналастырылады және барлық қажетті ақпаратты көрсетеді.

Бос лауазымдарға конкурс нәтижелері Қоғамның сайтында «Бос лауазымдарға конкурс өткізу қорытындылары» бөлімінде жарияланады.

Бөлім қызметі барысында мынадай сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 1:

Жұмысқа орналасу кезінде заңмен қарастырылмаған артықшылықтар (протекционизм, туысқандық) беру.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 2:

Қажетті білімі немесе жұмыс өтілі жоқ қызметкерлерді жұмысқа қабылдау БТ-на сәйкес келмейді. Сыбайлас жемқорлық қылмысының жоқтығы туралы анықтаманың болмауы.

Ұсыныстар:

Персоналды дамыту бөлімі (Hr бөлімі) қызметкерлерінің жұмысқа қабылдау туралы өтінішіне жұмысқа қабылданатын қызметкердің біліктілік талабына сәйкестігі туралы немесе арнайы білімі немесе дайындық деңгейі жоқ қызметкерлердің лауазымы, мамандығы бойынша жұмысты орындауға мүмкіндік беретін қолда бар практикалық тәжірибені растау үшін мекеменің біліктілік комиссиясының отырысында біліктілік деңгейін бағалауды жүргізу қажеттілігі туралы визалар беру. Сыбайлас жемқорлық қылмыстың жоқтығы туралы анықтаманы талап ету. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және құрылымдық бөлімшелердің қызметінде пайдаланылатын ішкі нормативтік құжаттарды іске асыру және бақылауды қамтамасыз ету.

4.1 Қаржы-шаруашылық қызмет.

Даму жоспарын қалыптастыру. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу.

Салалық құқықтық база:

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңы, «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді, мемлекеттік кәсіпорындарды дамыту жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңы.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы.

«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығы.

«Тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдар қоғамдық бірлестіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдар қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 3 қыркүйектегі № 345 бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 1:

Құрылымдық бөлімшелерден Қаржы-шаруашылық қызмет жоспарын қалыптастыру үшін дұрыс емес мәліметтер беру (3-тен кем коммерциялық ұсыныстар беру, талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекшеліктер, атап айтқанда тауар белгілерін көрсете отырып, шыққан елі фирмасының атауы).

Ұсыныстар:

Барлық құрылымдық бөлімшелерге ағымдағы жылдың қазан айындағы кезеңге арналған жыл сайынғы даму жоспарын қалыптастыру кезінде Құжаттамашы жүйесі арқылы бөлімшелердің (департаменттер, бөлімдер, кафедралар, клиникалардың) жетекшілері бекіткен Бюджеттік комиссия туралы ереже талаптарына сәйкес ақпарат ұсынуды міндеттеу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 2:

Іссапар шығыстары бойынша Даму жоспарын қалыптастыру кезінде құрылымдық бөлімшелерден толық ақпарат берілмейді, ол жыл ішінде толықтырылады. Осыған байланысты шығындар артады, бұл қосымша есепке алынбаған шығындарды талап етеді.

Ұсыныстар:

Барлық құрылымдық бөлімшелерге бөлімшелердің (департаменттер, бөлімдер, кафедралар, клиникалардың) жетекшілері бекіткен ақпаратты ағымдағы жылдың қыркүйек, қазан айлары кезеңінде жыл сайынғы даму жоспарын қалыптастыру кезінде «Документолог» жүйесі арқылы ұсынуды міндеттеу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 3:

ҚР ДСМ №110 бұйрығының ДЗ және МБ сатып алу қағидаларына сәйкес тауарларды сатып алудың үлгілік шартында шартты орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін өсімпұлды ұстап қалудың болмауы – «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығымен бекітілген Тергеу изоляторларында және қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде, бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, фармацевтикалық қызметтер жүйесінде ұсталатын тауарларды сатып алудың үлгілік шартында шартты орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін өсімпұл ұстаудың болмауы, сондай-ақ жосықсыз жеткізушілер тізілімінің болмауы. Жеткізушіге қатысты шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда қандай да бір айыппұл санкциялары жоқ.

Ұсыныстар:

Уәкілетті органға хат жолдау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 4:

ҚР ДСМ №110 бұйрығының ДЗ және МБ сатып алу қағидаларына сәйкес жосықсыз өнім берушілер тізілімінің болмауы – «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығымен бекітілген бюджет қаражатының және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, фармацевтикалық қызметтер жүйесінде жосықсыз өнім берушілердің тізілімі көзделмеген.

Ұсыныстар:

Уәкілетті органға хат жолдау.

5.1 Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік

Салалық құқықтық база: «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (Салық кодексі); «Бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 1:

Құрылымдық бөлімшелерден алынған бастапқы құжаттарды уақтылы тіркемеу және НҚ, ТМҚ-ды уақтылы есепке қоймау.

Ұсыныстар:

Бастапқы құжаттар негізінде есеп жүйесінде жүргізілген операцияларды күнделікті көрсету.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі 2:

Салық және қаржылық есептілікті уақтылы тапсырмау.

Ұсыныстар:

Уәкілетті органға салық және қаржылық есептілікті уақтылы ұсыну.